Хаттама №1

2022 жылы 25 тамыз күні ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінде» «2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мекемеде пәндерді оқытуды нормативтік, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» тақырыбында мектеп әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1 . 2022-2023 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын бекіту
2. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік хатты зерттеу.
3. Арнайы курстардың, факультативтердің бағдарламаларын үйлестіру.
4. 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес КТЖ қарау.
5. Оқу жылына ӘБ оқытушыларының шығармашылық қызметін жоспарлау.
6. Мұғалімнің біліктілігін арттыру маршрутын үйлестіру.
7. Пәндік дәптерлерді жүргізу ережелері туралы ережелерді қарастыру: пәндер бойынша дәптер саны (бақылау дәптері, жұмыс дәптері, сөздіктер, зертханалық жұмыстарға арналған дәптерлер, шығармашылық жұмыстар, контурлық карталар)
8. Әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға дайындалуға оқушыларды анықтау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілері хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылына әдістемелік пән бірлестігінің жұмыс жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік хатты таныстырды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, мектеп-лицейде өтетін арнайы курстардың, факультативтердің бағдарламаларын таныстырды. Жоспарға толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар мен қысқа мерзімді жоспар жасау туралы түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022-2023 оқу жылына ӘБ оқытушыларының шығармашылық қызметін жоспарлауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022-2023 оқу жылындағы мұғалімнің біліктілігін арттыру перспективалық жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі 7-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, пәндік дәптерлерді жүргізу ережелері туралы

ережелермен таныстырды (пәндер бойынша дәптер саны ,бақылау дәптері, жұмыс дәптері, сөздіктер, зертханалық жұмыстарға арналған дәптерлер, шығармашылық жұмыстар, контурлық карталар).

Күн тәртібіндегі 8-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А. өткен оқу жылындағы әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға дайындалуға қатынасқан оқушылар туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып,талқыланып,төмендегіше шешім қабылданды:

1. 2022 – 2023 оқу жылына әдістемелік пән бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. 2022-2023 оқу жылында жұмыс барысында оқу-әдістемелік хат басшылыққа алынсын.
3. Арнайы курстардың, факультативтердің бағдарламалары ұсыныстар бойынша толықтырулар енгізілсін.
4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мен қысқа мерзімді жоспар жасауда 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы басшылыққа алынсын.
5. 2022-2023 оқу жылында шығармашылық қызметінің жоспарын жасау, біліктілік арттыру курстарынан өту пән мұғалімдерінен сұралсын.
6. Пәндік дәптерлерді ережеге сай жүргізу пән мұғалімдерінен сұралсын.
7. 2022-2023 жылында мектептегі дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру, оқушыларды пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатыстыру пән мұғалімдерінен сұралсын.

Кеңес төрағасы: А.Бисенкулова

Кеңес хатшысы: Г.С.Салыкбаева

Хаттама №2

2022 жылы 10 қараша күні ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінде» «Оқуға деген әлсіз мотивация. Себептер, шешімдер (мотивациясы төмен балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері)» тақырыбында мектеп әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1.1-тоқсан қорытындысы
2. БЖБ және ТЖБ талдау.
3. Оқушыларға арналған мектепішілік пәндік олимпиаданың қорытындысы.
4. Педагогикалық шеберхана «Мотивация. Бұл не? Оқушыларды оқытуға нашар мотивацияның себептері. Түзеу - дамытушылық білім берудің принциптері мен әдістері».
5. Демалыс кезінде ынтасы нашар оқушылармен жұмыс жоспарын келісу.
6. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру (қалалық олимпиадаға дайындық, ғылыми жобалар байқауы)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылының І тоқсанда оқу бағдарламаларының орындалысына талдау жасады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А.К. хабарлама жасап, БЖБ және ТЖБ талдау жасады.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А.К. мектеп оқушыларының республикалық олимпиадасының мектеп кезеңінің нәтижелері туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. «Мотивация. Бұл не? Оқушыларды оқытуға нашар мотивацияның себептері. Түзеу - дамытушылық білім берудің принциптері мен әдістері» педагогикалық шеберхана өткізді.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілері каникул кезінде ынтасы нашар оқушылармен жұмыс жоспарын келісу.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша әдістемелік пән бірлестік жетекшілері дарынды балалармен жұмыс туралы, әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға дайындалуға қатынасқан оқушылар туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып,талқыланып,төмендегіше шешім қабылданды:

1. 2022 – 2023 оқу жылының І тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп танылып, оқушылардың білім,білік дағдыларын қалыптастыру пән мұ,алімдеріне тапсырылсын.
2. Жиынтық бағалау қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Мектеп оқушыларын пәндік олимпиадаларға тиянақты дайындау пән мұғалімдерінен, олимпиадаға дайындық жұмысына жауапты Е.Ө.Абжаннан сұралсын.
4. Мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі А.К.Бисенкулованың өткізген педагогикалық шеберханасы өз деңгейінде өтті деп саналсын.
5. Демалыс кезінде ынтасы нашар оқушылармен жоспарлы жұмыс жүргізу пән мұғалімдерінен сұралсын.
6. Пәндік дәптерлерді ережеге сай жүргізу пән мұғалімдерінен сұралсын.
7. Мектептегі дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру, оқушыларды пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатыстыру пән мұғалімдерінен сұралсын.

Кеңес төрағасы: А.К.Бисенкулова

Кеңес хатшысы: Г.С.Салыкбаева

# Хаттама №3

2023 жылы 13 қаңтар күні ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінде» «Оқытудың белсенді формаларын қолдана отырып, мұғалімдерді халықаралық зерттеулер мен қорытынды аттестаттауға дайындаудың ерекшеліктері. Сабақ пен сыныптан тыс жұмыстардың жаңа формалары мен әдістерін іздеу.» тақырыбында мектеп әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. БЖБ және ТЖБ талдау.
2. Педагогикалық семинар «Оқу процесінде және сабақтан кейінгі уақытта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Қазіргі педагогикалық технологиялар ».
3. Оқушылардың үлгерімін бақылау
4. Бірінші жартыжылдықтағы мұғалімдер қызметінің нәтижелері
5. Оқушылардың әр түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстардағы көрсеткіштерін талдау
6. ӘБ мұғалімдерінің тәжірибе алмасуы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылының II тоқсанында жүргізілген БЖБ және ТЖБ-ға талдау жасады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. «Оқу процесінде және сабақтан кейінгі уақытта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Қазіргі педагогикалық технологиялар » педагогикалық семинар өткізді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. оқушылардың үлгерімі туралы, мектепішілік бақылау қорытындысына талдау жасап, оқуға ынтасы төмен оқушылармен жұмыс жасауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. бірінші жартыжылдықтағы мұғалімдер қызметінің нәтижелері туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. мектеп оқушыларының әр түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстардағы көрсеткіштерін талдап, нәтижелері туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша әдістемелік пән бірлестік жетекшілері өз бірлестіктерінде атқарылып жатқан жұмыстар, өткізілген апталықтар, коучингтер мен шебер-сыныптар туралы хабарлама жасап, тәжірибе алмасты.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып,талқыланып,төмендегіше шешім қабылданды:

1. Жиынтық бағалау қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі А.К.Бисенкулованың өткізген педагогикалық семинары өз деңгейінде өтті деп саналсын.
3. Оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, ынтасы төмен оқушылармен жоспарлы жұмыс жүргізу пән мұғалімдерінен сұралсын.
4. **Бірінші жартыжылдықтағы мұғалімдер қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.**
5. Мектептегі дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру, оқушыларды пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатыстыру пән мұғалімдерінен сұралсын.

Кеңес төрағасы: А.Бисенкулова

Кеңес хатшысы: Г.С.Салыкбаева

Хаттама №4

2023 жылы 25 наурыз күні ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінде» «Мұғалімнің жетістік критерийлері» тақырыбында мектеп әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. БЖБ және ТЖБ талдау.
2. Дөңгелек үстел «Педагогикалық идеялар мен нәтижелердің панорамасы: мұғалімнің жетістігінің кәсіби және жеке критерийлері»
3. Мұғалімдерге арналған оқу -әдістемелік қорын құру
4. Авторлық құқық бағдарламаларының қорын құру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылының III тоқсанында жүргізілген БЖБ және ТЖБ-ға талдау жасады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А.К. «Педагогикалық идеялар мен нәтижелердің панорамасы: мұғалімнің жетістігінің кәсіби және жеке критерийлері» дөңгелек үстел өткізді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А.К. педагогтің кәсіби деңгейінің өсуі, оқу- тәрбие үрдісінің сапасы мен нәтижесін арттыру мақсатында мұғалімдерге арналған оқу -әдістемелік қорын құру туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А.К. педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыруға, шығармашылық бастамалары мен кәсіби өсуін ынталандыруда қолдау көрсетуге, мұғалімдерге ғылыми-педагогикалық жетістіктер мен озат тәжірибелерді меңгеруге, шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, олардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін жан- жақты көтеруге бағытталған авторлық құқық бағдарламаларының қорын құру туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып,талқыланып,төмендегіше шешім қабылданды:

1. Жиынтық бағалау қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі А.К.Бисенкулованың өткізген дөңгелек үстелі өз деңгейінде өтті деп саналсын.
3. Педагогтің кәсіби деңгейінің өсуі, оқу- тәрбие үрдісінің сапасы мен нәтижесін арттыру мақсатында мұғалімдерге арналған оқу -әдістемелік қоры құрылсын және қор жетекшісі болып А.К.Бисенкулова тағайындалсын.

4. Мұғалімдерге ғылыми-педагогикалық жетістіктер мен озат тәжірибелерді меңгертуге, шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, олардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін жан- жақты көтеруге бағытталған авторлық құқық бағдарламаларының қоры құрылсын және қор жетекшісі болып А.Бисенкулова тағайындалсын.

Кеңес төрағасы: А.К.Бисенкулова

Кеңес хатшысы: Г.С.Салыкбаева

Хаттама №5

2023 жылы 29 мамыр күні ЖШС «SilkWay мектеп-лицейінде» «ӘБ бір жылдағы тиімділігін талдау» тақырыбында мектеп әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. ӘБ бірлестіктерінің жылдық есептері.
2. БЖБ және ТЖБ талдау.
3. Мұғалімдер рейтингі: мұғалімдер портфолиосын қорғау; мұғалімдер мен оқушылардың әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстарға қатысу тиімділігін талдау.
4. Мектеп мұғалімдері жасаған әдістемелік құралдардың көрмесі, өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбындағы әзірлемелер, қалыптастырушы және жиынтық бағалау.
5. Пәндер бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі.
6. 2023-2024 оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспар.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктеріндегі жүргізілген оқу - әдістемелік жұмыстарының есебі тыңдалды. Жылдық есепте ӘБ жетекшілері жыл бойына атқарылған оқу –әдістемелік жұмыстардың сапасы мен нәтижелігіне, жалпы ӘБ жұмысының даму көрсеткішіне тоқталды. Жоспарлы атқарылған жұмыстардың барлығына шолу жасап, шығармашыл, белсенді мұғалімдердің басымдылықтарын айтты.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. хабарлама жасап, 2022 – 2023 оқу жылының IY тоқсанында жүргізілген БЖБ және ТЖБ-ға талдау жасады.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Бисенкулова А. мектеп-лицей мұғалімдерінің рейтингінгісін жариялады. Бұл жерде мұғалімдер портфолиосы, мұғалімдер мен оқушылардың әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстарға қатысуы назарға алынды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша әдістемелік пәндер бірлестігінің жетекшілері бірлестік мұғалімдері жасаған әдістемелік құралдардың көрмесін, соның ішінде өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбындағы әзірлемелер, қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын назарға ұсынды.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есімхан Ө. пәндер бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі туралы айтып, пән мұғалімдерінің осы бағытта атқарған жұмыстары туралы хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша мектеп әдістемелік кеңесінің жетекшісі Бисенкулова А., әдістемелік пән бірлестіктерінің жетекшілері 2023-2024 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарының жобасын талқылауға ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып,талқыланып,төмендегіше шешім қабылданды:

1.2022-2023 оқу жылында атқарылған әдістемелік бірлестіктеріндегі жүргізілген оқу - әдістемелік жұмыстарының есебі назарға алынсын. ӘБ жұмыстары белсендірілсін.

2.Жиынтық бағалау қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.

3.Оқу үрдісінде жұмыстың пайдаланылатын нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру, оқытудың белсенді әдістеріне назар аудару пән мұғалімдерінен сұралсын.

4. Мектеп-лицей мұғалімдерінің жұмыс жүйесі, оқушылардың жадын өзектендіруге және білім алушылардың оқу уәждемесін арттыруға бағытталған әдістемелік құралдары назарға алынсын.

5. Пәндер бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастырып, оқушылардың жекелеген оқу пәніне деген қызығуын, ынтасын арттыруға мүмкіндік жасау пән мұғалімдерінен сұралсын.

6. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің әдістемелік бірлестігінің ,ӘБ жұмыс жоспарының жобасына толықтырулар енгізу мектептің әдістемелік кеңес жетекшісі А.Бисенкуловаға, бірлестік жетекшілеріне тапсырылсын.

Кеңес төрағасы: А.К.Бисенкулова

Кеңес хатшысы: Г.С.Салыкбаева